

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті
Астана қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды

**Астана қаласы әкімдігінің № 40 «Құлпынай» балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны**
(білім беру ұйымының атауы)

Астана қаласы

2023 жылғы «21» сәуір, сағат 18-00

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес ҚР «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі - Заң) және «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығын басшылыққа ала отырып (бұдан әрі - Бағалау критерийлері), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2022 жылғы 10 қарашада № 393-нқ бұйрығымен бекітілген 2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2023 жылғы 17-21 сәуір аралығында Астана қаласы әкімдігінің «№ 40 «Құлпынай» балабақшасы» МКҚК-ға (бұдан әрі - «Құлпынай» балабақшасы) мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 147-нқ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Еркекова Гульдана Куанышовна – Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің бас маманы, комиссия төрағасы;

2. Көшен Құндыз Слетақызы - Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

3. Асанова Қарашаш Камидолловна – Астана қаласы әкімдігінің «№ 68 «Балбұлақ» балабақшасы» МКҚК-ның меңгерушісі, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

4. Есмаганбетова Баян Сайрановна – Астана қаласы әкімдігінің «№ 37 «Арман» балабақшасы» МКҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

5. Байболова Шекер Орынтайевна – Астана қаласы әкімдігінің «№ 92 «Жауқазын» балабақшасы» МКҚК-ның әдіскері, комиссия мүшесі (келісім бойынша);

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

№ 40 «Құлпынай» балабақшасы өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

Ұйым туралы жалпы мәліметтер		
1.	Білім беру ұйымының толық атауы.	Астана қаласы әкімдігінің № 40 «Құлпынай» балабақшасы МКҚК
2.	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және	БСН: 10034005557 Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы,

	нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)	Желтоқсан көшесі 28/1
3.	Занды тұлғаның байланыс деректері(телефон, электронды пошта, web-сайт)	E-mail: kylpunai40@mail.ru web-сайт: https://40qulpynai.kz Телефон: +7(7172) 31-62-32, +77755449829
4.	Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)	Міндетін атқарушы Куланбекова Айнур Арыстанбековна 2022 жылғы 24 наурыз № 130 бұйрығы
5.	Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі).	2023 жылғы 03 ақпандағы Астана қаласы әкімдігінің қаулысы; БСН:10034005557 қайта тіркеу анықтамасы.
6.	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).	2023 жылғы 17 сәуір KZ62RVK00048938 хабарламасы

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
7.	Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:
1)	Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі: <u>Талдау нәтижесі:</u> № 40 «Құлпынай» балабақшасы мектепке дейінгі ұйымында тәрбие-білім беру үдерісін: - мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен; - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарларымен; - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасымен; 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарының құжаттары қарастырылып, оқу жұмыс жоспары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестелері қаралды. 2020-2021 оқу жылында оқу жұмыс жоспары Астана қаласы әкімдігінің Білім беруді жаңғырту орталығымен бекітілген. 1 кіші, 2 ортаңғы, 2 ересек, 2 мектепалды даярлық топтарына және әрқайсысына жеке ұйымдастырылған оқу қызметінің

	кестесі мен өтпелі тақырыптары бекітілген. 2021-2022 оқу жылында балабақша 6 топпен жабдықталған: 1 кіші, 1 ортаңғы, 2 ересек, 2 мектепалды даярлық топтары. Оқу жұмыс жоспары бекітілген және барлық топтардың ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі берілген. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдары балабақша топтарында ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық оқу жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізген. 2022-2023 оқу жылын зерделеу барысында ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі 6 топқа арналып жасалған және бекітілген. Барлық топтарда тәрбие мен оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. <u>«Қошақан» кіші тобы (2 жастағы балалар).</u> «Қошақан» кіші тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының кіші топ жас ерекшелігіне сәйкес жасалған. Кесте бойынша дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, музыка 1 рет берілген, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүзеге асырылған. Топтың циклограммасы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жасалған. <u>«Ақбота», «Балапан» ортаңғы топтары (3 жастағы балалар).</u> «Ақбота», «Балапан» ортаңғы топтарында ұйымдастырылған іс-әрекет кестелері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының ортаңғы топ жас ерекшелігіне сәйкес жасалған. Кесте бойынша дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, қазақ тілі және музыка аптасына 1 реттен берілген, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүзеге асырылады. Топтың циклограммасы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жасалған. <u>«Еркетай» ересек тобы (4 жастағы балалар)</u> «Еркетай» ересек тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының ересек топ жас ерекшелігіне сәйкес жасалған. Кесте бойынша дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына 3 рет, қазақ тілі 1 рет және музыка 2 реттен берілген, қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүзеге асырылады. Топтың циклограммасы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жасалған. <u>«Балбөпе» мектепалды тобы (5 жас).</u> «Балбөпе» мектепалды тобының ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының мектепалды топ жас ерекшелігіне сәйкес жасалған. Кесте бойынша аптадағы нормативтік жүктемесі сәйкес, ұйымдастырылған іс-әрекеттер күн сайын жүзеге асырылады. Топтың циклограммасы ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне сәйкес жасалған. 2022-2023 оқу жылына арналған Оқу жұмыс жоспары Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жасалған. 2022-2023 оқу жылында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру: - ойын арқылы оқыту; - балалар іс-әрекетінің түрлерін кешенді түрде балаларды дамытуға оның ішінде, ойын, танымдық, шығармашылық, өзіне-өзі қызмет көрсету сияқты негізгі дағдыларға бағдарланған.
	Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тарауына сәйкес
2)	Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру

Талдау нәтижесі:

№ 40 «Құпшынай» балабақшасында 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша жұмыстарды зерделеп қарастыру барысында педагогикалық ұжымның төмендегі жұмыстарды атқарылғаны анықталды:

- 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында тәрбие мен оқыту үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында тәрбиешілер мен мамандар өтпелі тақырыптар негізінде жұмыс атқарған;
- Балабақшаның бекітілген оқу жұмыс жоспарына сәйкес «Өнер көзі халықты», «Қағазбен жұмыс жасау», «Қазақ этнопедагогикасы-тәрбие бастауы» сияқты вариативтік компоненттер балабақшадағы ортаңғы, ересек және мектепалды даярлық жастағы топтарында жүзеге асырылды.
- Тәрбиешілердің және барлық мамандардың өтпелі тақырып негізінде жасалған перспективалық жоспары мен циклограммалары жүйелі түрде жазылған, бір-біріне сәйкестендірілген;
- 2022-2023 оқу жылында тәрбиешілер және барлық мамандар (дене шынықтыру, қазақ тілі, музыка жетекшілері) тәрбиелеу барысында балалармен ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдануды көрсете отырып, циклограммада міндеттерді айқындап ашып көрсеткен.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау

Талдау нәтижесі:

№40 «Құпшынай» балабақшасы қызметінің өзін-өзі бағалауда берілген мәліметтерін талдай келе, мектепке дейінгі ұйымда әр балаға физикалық, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуына жағдайлар жасалған және ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықталған. Сонымен қатар негізгі құралдар тәрбиеленушілердің санына жеткілікті және қосымша құралдардың толық қамтылуы байқалады.

3)

Балабақшаның педагогикалық құрамы мектепке дейінгі ұйымның ұсынған деректеріне негізінде «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 Қаулысына сәйкес уәкілетті орган бекіткен штаттық кестесі ұсынылды.

«Құпшынай» балабақшасында міндетін атқарушының жоғары білімді мектепке дейінгі білімі бар және өзі әдіскердің қызметін атқарады. Тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімдері бар педагогтердің үлесі келесіні көрсетіп отыр:

2020-2021 оқу жылында 17 педагог -100 %; 2021-2022 оқу жылында 18 педагог – 100 %; 2022-2023 оқу жылында 14 педагог -100 %. Жалпы мектепке дейінгі ұйымда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша жоғары білімімен - 2 (14,2%) тәрбиеші, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша арнаулы орта білімімен - 6 (43%) тәрбиеші, жоғары бейінді білімі бар дене шынықтыру мұғалімі, музыка жетекшісі, педагог-психолог- 3(21,4%) педагог және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» бейіні бойынша педагогикалық қайта даярлау -3(21,4%) педагог. Сонымен қатар, педагогикалық ұжымның біліктілік санатынан

	келесіні көруге болады: бірінші санат – 2; екінші санат – 2; «педагог-модератор» - 1 және санаты жоқ - 9 педагог бар. Берілген мәліметтерден санаты жоқ педагогтердің ішінде жұмыс өтілі 1 жылдан кем 4 тәрбиеші бар екенін аңғаруға болады. Санаты бойынша үлесі- 65 %- ды құрайды. Талдауды зерделей келе, балабақша педагогтерінің 86 %-ы «Өрлеу» БАҰО, Назарбаев зияткерлік мектебінің Педагогикалық шеберлік орталығынан біліктілікті арттыру курсынан өткенін көруге болады. Балабақша педагогтері курстарға, семинарларға, конференцияларға белсенді қатысып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырып отырғаны анықталды. 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылдарында онлайн форматында өткізілген курстарға қатысып, өз біліктіліктерін деңгейлерін арттырғанын көруге болады.
	Қорытынды: ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын 1-қосымшасына сәйкес
4)	Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы Талдау нәтижесі: № 40 «Құлпынай» балабақшасы қызметінің өзін-өзі бағалауын талдай келе, балабақшаның ұсынған деректерін қарастыру барысында баланың даму мониторингісі жүйелі жүргізілгені анықталды. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерін қарау барысында 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының құжаттарына да талдау жүргізіліліп, әр топтың бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтің жүргізілгенін көруге болады. 2022-2023 оқу жылындағы мектепалды тобындағы балалардың дамуына жүргізілген (бастапқы) мониторингке сүйенетін болсақ «Балбөпе» тобы «Денсаулық» (I - 25%, II - 75 %, III – 0 %), «Қатынас» (I - 30%, II - 70 %, III – 0 %); «Таным» (I - 20%, II - 80 %, III – 0 %), «Шығармашылық» (I - 30%, II - 70 %, III – 0 %), «Әлеумет» (I - 20%, II - 70 %, III – 0 %), «Ботақан» мектепалды тобы «Денсаулық» (I - 50%, II - 50 %, III – 0 %), «Қатынас» (I - 55%, II - 45 %, III – 0 %), «Таным» (I - 64%, II - 36 %, III – 0 %), «Шығармашылық» (I - 60%, II - 40 %, III – 0 %), «Әлеумет» (I - 55%, II - 45 %, III – 0 %). 2022-2023 оқу жылындағы мектепалды тобындағы балалардың дамуына жүргізілген (аралық) мониторингке сүйенетін болсақ («Физикалық қасиеттерді дамыту» (жоғары–63%, орташа-29%, төмен – 8%), «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» (жоғары – 70%, орташа - 22%, төмен – 8%), «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» (жоғары–51%, орташа-38%, төмен–11%), «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» (жоғары – 66%, орташа-34%, төмен–0%), «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» (жоғары–66%, орташа - 26%, төмен–8%) мектепалды топ тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларына (карталарына) талдау жасалынып, қойылған талаптарға сәйкестігі анықталды. Балалардың білім беру бағдарламаларын меңгерген, іскерлігі мен дағдыларын қадағалау бойынша нәтижелердің жиынтық есептері берілген.
	Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес
5)	Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау Талдау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйымдағы балалардың бастапқы даму мониторингісін талдай келе, «Қошақан» кіші топ «Денсаулық» (I -

	54%, II - 46 %, III – 0 %); «Қатынас» (I - 71%, II - 29 %, III – 0 %); «Таным» (I - 71%, II - 29 %, III – 0 %); «Шығармашылық» (I - 64%, II - 36 %, III – 0 %); «Балапан» ортаңғы топ «Денсаулық» (I – 29,6%, II -70,4 %, III – 0 %), «Қатынас» (I – 54,5%, II -45,4 %, III – 0 %), «Таным» (I – 45,4%, II -54,5 %, III – 0 %), «Шығармашылық» (I – 63,6%, II - 36,3 %, III – 0 %), «Әлеумет» (I – 48,1%, II -51,9 %, III – 0 %) ; «Ақбота» ортаңғы топ «Денсаулық» (I – 39%, II -43%, III – 18 %), «Қатынас» (I – 50%, II - 32 %, III – 18 %), «Таным» (I – 36%, II -46 %, III – 18 %), «Шығармашылық» (I – 50%, II -39 %, III – 11 %), «Әлеумет» (I – 39%, II -43 %, III – 18 %) ; «Еркетай» ересек топ «Денсаулық» (I – 57%, II -43%, III – 0 %), «Қатынас» (I – 52%, II - 48 %, III – 0 %), «Таным» (I – 62%, II - 38%, III – 0 %), «Шығармашылық» (I – 58%, II -42 %, III – 0 %), «Әлеумет» (I – 88%, II -12%, III – 0 %) топтарында балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып талдау жүргізілген, бақылау парақтары мен баланың жеке даму картасы толтырылған, мониторинг нәтижелердің жиынтық есептері берілген.
	Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес
	Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау <u>Талдау нәтижесі:</u> №40 «Құлпынай» балабақшасы мектепке дейінгі ұйымда Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелеріне келетін болсақ, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының мониторингісінің қорытындысы берілген, балалардың жеке даму карталары дұрыс толтырылған. Барлық топтарда жүргізілген
6)	мониторинг нәтижелеріне әдіскер тарапынан жиынтық есеп көрсетілген. 2022-2023 оқу жылына ұсынылған мониторинг нәтижелері келесіні көрсетеді: «Қошақан» кіші топ (жоғары - 64 %, орташа - 36 %, төмен – %), «Балапан», «Ақбота» ортаңғы топтар (жоғары - 66 %, орташа - 31 %, төмен – 3 %), «Еркетай» ересек топ (жоғары - 44 %, орташа- 38 %, төмен – 18 %). Балалардың біліктері мен дағдылары Үлгілік оқу бағдарламасының қосымшасына сәйкес балалардың жасын ескере отырып «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативті дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» бойынша жасалған.
	Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес
8.	Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар
1)	МДТО УОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы <u>Талдау нәтижесі:</u> №40 «Құлпынай» балабақшасы қызметінің өзін-өзі бағалауына және мектепке дейінгі ұйымның ұсынған талдауларын қарау барысында 2020-2021 оқу жылында Білім беруді жаңғырту орталығы бекіткен оқу жұмыс жоспары арқылы педагогикалық ұжым тәрбиеленушілермен оқу-тәрбие білім беру процесін жүзеге асырған. Атап айтқанда, 2020-2021 оқу жылының әдістемелік-нұсқаулық хағы негізінде өтпелі тақырыптар бекітіліп, сәйкесінше перспективалық жоспар мен циклограммалары берілген. Оқу жүктемесі дұрыс бөлінген. 2021-2022 оқу жылында бекітілген оқу жұмыс жоспары аясында апталық оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлемі сақталған, ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі жасалған. Перспективалық жоспар мен циклограмма бекітілген өтпелі

	тақырыптар негізінде жүйелі жазылған. Балабақша мамандарының құжаттары қарастырылды, оқу жүктемесі дұрыс бөлінген. 2022-2023 оқу жылына балабақша меңгерушісімен бекітілген оқу жұмыс жоспары аясында тәрбиешілердің және педагог-мамандардың перспективалық жоспарлары мен циклограммалары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жазылған.
	Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасына («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының») 1 тараудың 2-тармағына сәйкес
9.	Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:
1)	Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау <u>Талдау нәтижесі:</u> Аталған бөлімге талдау жүргізу барысында «Құлпынай» мектепке дейінгі ұйымында әртүрлі жас ерекшеліктегі 6 топ мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады. Балабақшаның жобалық қуаты-160. Тізім бойынша 163 бала бар. Ұсынылған тізім жас ерекшеліктерін, балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып жасақталған. • «Қошақан» кіші тобы (2 жастағы балалар); • «Ақбота» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар); • «Балапан» ортаңғы тобы (3 жастағы балалар); • «Еркетай» ересек тобы (4 жастағы балалар); • «Ботақан» мектепалды тобы (5 жастағы балалар); • «Балбөпе» мектепалды тобы (5 жастағы балалар);
	Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасына («Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының») 4 тараудың 25-тармағына сәйкес
2)	Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау <u>Талдау нәтижесі:</u> Балабақша қызметін бағалауын талдау барысында ұсынылған деректерден № 40 «Құлпынай» мектепке дейінгі ұйымында «Ботақан», «Балбөпе» мектепалды топтары зерделенді. Балабақшадан 1-сыныпқа кеткелі отырған 2 топтағы жалпы балалардың саны – 41. Тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалды игеруін талдау жұмыстары оңтайлы нәтижелерді көрсеткенін аңғаруға болады. Сонымен қатар, педагогикалық ұжымның балалармен іс-әрекетінің дағдыларының «Физикалық қасиеттерді дамыту» (жоғары – 63%, орташа – 29%, төмен – 8%); «Коммуникативті дағдыларды дамыту» (жоғары – 70%, орташа - 22%, төмен – 8%); «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» (жоғары – 50%, орташа – 38%, төмен – 11%); «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу, іс-әрекетін дамыту» (жоғары – 66%, орташа – 34, төмен – 0%); «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» (жоғары – 66%, орташа - 26%, төмен – 8%) жүргізу арқылы жоғары деңгейдегі көрсеткіштерді (яғни аралық мониторингті) арттыру қажет екенін алға қойғандарын атап кетуге болады. Мониторинг талдауы жүргізілген жұмыстардың қорытындысынан балалардың мектепке дайындығының сапасын жақсы деп бағалауға болады.
	Қорытынды: ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.08.2022 жылғы №348 бұйрығы бойынша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 2 тараудың 20-тармағына сәйкес

Қорытынды: Астана қаласы әкімдігінің № 40 «Құлпынай» балабақшасы МКҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.


Әдістемелік ұсынымдар:

1. Мектепалды топтарының коммуникативтік, танымдық дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстары жалғастырылсын.
2. Заманауи инновациялық технологиялар мен эксперименттерді қолдануды жоспарлау.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі:


Мемлекеттік комиссияның 2023 жылғы «21» сәуірдегі хаттамалық шешіміне сәйкес Астана қаласы әкімдігінің № 40 «Құлпынай» балабақшасы МКҚК білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуіне байланысты **АТТЕСТАТТАЛДЫ.**

Комиссия төрағасы:




(қолы), (аты-жөні) Г.К. Ермакова


Комиссия мүшелері:




(қолы), (аты-жөні) Қ.С. Көшен



(қолы), (аты-жөні) К.К. Асанова



(қолы), (аты-жөні) Б.С. Есмағанбетова



(қолы), (аты-жөні) Ш.О. Байболова

**«Астана қаласы әкімдігінің № 40 «Құлпынай» балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнын
бағалау парағы**

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшемшарт бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	ҰББД мәліметі бойынша педагогтердің жалпы саны -14, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің саны - 14, үлесі – 100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	ҰББД қоры бойынша педагогтердің жалпы саны -14, оның ішінде: 2 - бірінші санатты, 2 – екінші санатты, «педагог-модератор» - 1, 9 - санаты жоқ. Оның ішінде 4 педагогтің жұмыс өтілі бір жылға толмаған. Санат деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі – 65% - ды құрайды.	2
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	2022-2023 жылға педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы ұсынылған мәлімет бойынша үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер саны - 12, ҰББД бойынша педагогтердің жалпы санының үлесі 86 %-ды құрайды.	3
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	Балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне және санитарлық-гигиеналық нормалардың талаптарына сәйкес және балалардың физиологиясының, психикалық әлауқатының дамуының талаптарына және ҚРБҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықталған. үлесі – 100 %	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға инклюзивті және арнайы топтар қарастырылмаған.	0




	жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау		
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	Балабақша электронды ресурстармен, электронды кітаптармен қамтамасыз етілген. Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде оқу-әдістемелік кешендермен толықтырылып отырған, үлесі – 100 %	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	Балабақшаның жобалық қуаты 160, балалардың тізімі 163 баланы құрайды. Берілген бала санының көрсеткіші балабақшаның жобалық қуатынан аспайды және нормаларға сәйкес келеді, үлесі – 100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	Арнайы өлшемшарт көрсеткіштерімен берілген сауалнама нәтижесінде ата-аналардың қамтылуы 97 % (мектепалды топ саны 2, оның ішіндегі балалар саны – 41). Сауалнама нәтижесінде барлығы 13 сұраққа оң жауап берілген 1 сұрақ бойынша – 100 % 2 сұрақ бойынша – 97 %; 3 сұрақ бойынша – 100 %; 4 сұрақ бойынша – 100 %; 5 сұрақ бойынша – 100 %; 6 сұрақ бойынша – 100 %; 7 сұрақ бойынша – 95 %; 8 сұрақ бойынша – 97 %; 9 сұрақ бойынша – 100 %; 10 сұрақ бойынша – 95 %; 11 сұрақ бойынша – 100 %; 12 сұрақ бойынша – 100 %; 13 сұрақ бойынша – 100 %; үлесі – 97 %	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	Арнайы өлшемшарт көрсеткіштерімен берілген сауалнама нәтижесінде балабақша педагогтерінің 100 % қамтылған (барлығы 14) Сауалнама нәтижесі педагогикалық ұжымның 19 сұрақтың барлығына оң жауаптарын бергенін көрсетті, үлесі – 100 %	5
Балдардың жалпы саны: 35			

Өлшемшарт бойынша білім беру ұйымын бағалау нәтижелері
Өлшемшарт бойынша білім беру ұйымының жалпы жиынтық бағасы – 35 балды құрады. Білім беру ұйымының қызметі «ЖАҚСЫ» деп бағаланды.

Комиссияның 2023 жылғы «21» сәуірдегі хаттамалық шешімі

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

 (қолы), (аты-жөні)	Г.К. Ермакова
 (қолы), (аты-жөні)	Қ.С. Көшен
 (қолы), (аты-жөні)	К.К. Асанова
 (қолы), (аты-жөні)	Б.С. Есмаганбетова
 (қолы), (аты-жөні)	Ш.О. Байболова